

**2012 жылғы 03 мамырдағы № 7 "Науалы ауылдық округі аймағындағы мүйізді ұсақ малдарынан бруцеллез індетінің шығуына байланысты шектеу қою туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы Науалы ауылдық округі әкімінің 2012 жылғы 25 желтоқсандағы N 12 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 11 қаңтарда N 2814 болып тіркелді. Күші жойылды - Үржар ауданы Науалы ауылдық округі әкімінің 2013 жылғы 14 қарашадағы N 2 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Үржар ауданы Науалы ауылдық округі әкімінің 14.11.2013 N 2 шешімімен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы № 213 «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Заңының 21 бабына сәйкес Науалы ауылдық округінің ә к і м і **Ш Е Ш Т І :**

1. 2012 жылғы 03 мамырдағы № 7 «Науалы ауылдық округі аймағындағы мүйізді ұсақ малдарынан бруцеллез індетінің шығуына байланысты шектеу қою туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5-18-150 болып тіркелген «Уақыт тынысы/Пульс времени» газетінде 2012 жылғы 31 мамырда № 49-50 жарияланған) шешіміне төмендегідей өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы келесі редакцияда жазылсын:

«Науалы ауылдық округіне шектеу іс-шараларын енгізе отырып карантин аймағының ветеринариялық режимін белгілеу туралы»;

1-тармағы келесі редакцияда жазылсын:

«Науалы ауылдық округінде ұсақ малдарынан бруцеллез ауруының шығуына байланысты шектеу іс-шараларын енгізе отырып, карантин аймағының ветеринарлық режимі белгіленсін.»;

2. Осы шешімнің орындалуына бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л е д і .

*Науалы ауылдық округінің әкімі*

*Ө. Шоқпарбаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК